



20 19 жылғы "26" 04

" " 20 ____ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Теректі ауылы

2019 жылғы 26 сәуір

№ 2


I. Кіріспе бөлік

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Теректі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан былай - Мекеме деп аталады). Мекеме Алматы облыстық Әділет департаментінің Алакөл аудандық Әділет басқармасында 2013 жылдың 13 наурызда тіркеуден өткен. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 130340011170. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті Алматы облысы бойынша қазнашылық департаментінің Алакөл аудандық қазнашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Коды: 1241135. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ42070106KSN0915050.

Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатын, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдалануы.

Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудиттің мәні: 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру», 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру», 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру», 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету», 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру».



Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007620

Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.

Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып): Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман - мемлекеттік аудиторы Қазақбеков Ғабит Зәкіржанұлы жүргізді. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы 2016 жылдың 20 желтоқсанындағы №1350 сертификаты.

Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ. Манамұратовтың 2019 жылғы «18» сәуірдегі №02-16/6.32-141-Т Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қаңтарынан бастап, 2018 жылдың желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 23 сәуірінен 26 сәуір аралығы.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: 2019 жылғы 18 сәуірдегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/635 хабарламасы беріле отырып, «Алақөл ауданының Теректі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Ж.Биекбаевтың келісімімен, бас маман С.А.Кулбаеваның қатысуымен жүзеге асырылды, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдар: бірінші қол қою құқығымен мемлекеттік мекеме басшысы Б.Ы.Әзімжанов 2013 жылдың тамызынан 2017 жылдың тамызына дейін, 2017 жылдың тамызынан бүгінгі күнге дейін мекеме басшысы Е.Ж. Биекбаев, екінші қол қою құқығы 2015 жылдың 03 маусымынан бүгінгі күнге дейін бас маман-есепші С.А.Кулбаева.

Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: жүргізілмеді.

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: «Алақөл ауданының Теректі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде келесі аудиторлық тексеруі жүргізілген:

1) Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Е.Өтегенов 2015 жылдың сәуірінен 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондайақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға сәйкестік аудитын жүргізген. Аудитпен бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған. (Аудиторлық есеп 13.03.2017 жылы жазылған.)

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) жоқ.

II. Негізгі бөлік

Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі:

№1 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

Оның мәселелері:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

б) Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

в) Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

г) Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру;

д) Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;

е) Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру негізділігі.

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігің тексеру.

2017 жыл:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 16 573,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 16 572,4 мың теңге болып, 99,9 пайызға игерілген.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 253,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 253,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 200,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 200,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 6954,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 6954,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

2018 жыл:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 17 387,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 17 386,6 мың теңге болып, 99,9 пайызға игерілген.

005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша 852,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 852,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 593,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 593,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 139,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 139,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша 227,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 227,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 389,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 389,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 672,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 671,9 мың теңге болып, немесе 99,9 пайызға игерілген.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қағидасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» ережесі талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» талаптарына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай бағытталынған. *(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №4 қосымшада қоса тіркелді).*

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

Мекеме жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған, қызметтер толық көрсетілген.

Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» негізінде, жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару, келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізіледі.

Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» ережесінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен), ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде, төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді.

Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын қорытып төлеу, 2017 жылдың 01 қаңтарына бекітілген штат кестесі мен тарификациялық тізіміне сәйкес жүргізілген. 2017 жылдың мекеменің штат кестесі бойынша 6 - адам бірлігімен бекітілген, мемлекеттік қызметкерлер айлық еңбекақы қоры 573,8 мың теңгені және 6 - адам бірлігімен азаматтық қызметші (техникалық қызметкер) айлық еңбекақы қоры 288,1 мың теңгені құрап бекітілген.

2018 жылдың штат кестесі бойынша 6 - адам бірлігімен бекітілген, мемлекеттік қызметкерлер айлық еңбекақы қоры 587,9 мың теңгені және 6 - адам бірлігімен азаматтық қызметші (техникалық қызметкер) айлық еңбекақы қоры 267,6 мың теңгені құрап бекітілген.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған. Мемлекеттік қызметкерлерге еңбекақы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» (толықтыруларымен, өзгерістерімен) сәйкес және азаматтық қызметкерлерге еңбекақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес тарификация тізімі жасалып, аталған тарификация тізіміне сәйкес нақты жұмыс атқарған күндеріне еңбек ақы төленген. Мемлекеттік қызметкерлерге сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақылар төлеуде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 қаулысы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы», ал азаматтық қызметкерлерге төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің

төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты, жәрдемақыларды төлеуде, орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 бұйрығымен бекітілген «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» қағидасына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі» талаптарына, ал еңбекке жарамсыздық күндеріне төлем парағы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерін айқындау туралы» қаулысының талаптары ескеріле отырып есептеліп төленген.

Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 2017 жылы – 531,2 мың теңге, 2018 жылы – 669,7 мың теңге төленген. Іс-сапар шығындары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысы «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» (өзгертулер мен қосымшалармен) талаптарына сәйкес жүргізілген.

Аванстық есеп жүргізіліп, оған негіз болатын шот және басқа да құжаттар қоса тігілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке бет шоттарына аударылып отырған.

Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мекеме өзінің теңгеріміндегі ғимаратта орыналасқан.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған.

Мекеменің теңгерімінде 2012 жылы шығарылған «Lada 21214» мемлекеттік тіркеу нөмірі 221VV05 автокөлік тіркелген.

Жанар-жағар май және басқа да шығындарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 Қаулысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» талаптары басшылыққа алынған.

Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Коммуналдық төлемдерді өтеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 қаулысы «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» басшылыққа алынған.

Байланыс қызметі үшін төлемдер «Қазақтелеком» АҚ-ң Үшарал қаласындағы бөлімшесі арқылы берілген төлем шоттарымен, электр энергиясына «ЖетісуЭнергоТрейд» ЖШС берген төлем шоттарымен ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Бюджет Кодексі», «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Ережесіне сәйкес жасалған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Токсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.



2017 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 200,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 200,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» «Тапсырыс беруші» мен «Мекен. kz» ЖШС арасында 2017 жылдың 03 наурызында герб сатып алу туралы- 145,0 мың теңгеге №14 келісім-шарты, «БекСултан» ЖК арасында 2017 жылдың 09 наурызында үздіксіз коректендіру көзі (УПС) сатып алу туралы- 30,0 мың теңгеге №19 келісім-шарты, «Мекен. kz» ЖШС арасында 2017 жылдың 10 сәуірінде ту сатып алу туралы- 25,0 мың теңгеге №24 келісім-шарты жасалған.

2018 жылы «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 672,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 671,9 мың теңге болып, немесе 99,9 пайызға игерілген, оның ішінде

414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» «Тапсырыс беруші» мен «Мекен. kz» ЖШС арасында 2018 жылдың 06 наурызында ту сатып алу туралы -51,0 мың теңгеге №16 келісім-шарты, «Technodom Operator» АҚ-ы арасында 2018 жылдың 06 наурызында принтер, сымды телефон сатып алу туралы -202,7 мың теңгеге №17 келісім-шарты, «Technodom Operator» АҚ-ы арасында 2018 жылдың 06 наурызында Ноутбук сатып алуға - 231,9 мың теңгеге №18 келісім-шарты, «Қазақстан И.С.Бухтаярова» ЖК арасында 2018 жылдың 15 желтоқсанында өрт сөндіру құрылғысын, дизель қозғалтқышты су сорабын сатып алуға - 174,0 мың теңгеге №54 келісім-шарты, «Айша» ЖК арасында 2018 жылдың 14 наурызындағы №21 келісім шарты және 29.03.2018ж. қосымша келісімімен кресло сатып алуға - 12,2 мың теңгеге келісім шарттары жасалған. (24.04.2019ж. тексеріп қарау бақылау өлшемі №6 қосымшада қоса тіркелді)

Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

2017 жылы 040 ««Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 6954,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 6954,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Алакөлжылу» ШЖҚ МКК арасында «Теректі ОМ МДШО спорт алаңының ағымды жұмыстар» жұмыстары бойынша 2017 жылдың 06 маусымында 6954,0 мың теңгені құрайтын №31

келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

б) Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

2017 жылы 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 253,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 253,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Беков М.» ШҚ арасында «Автомобиль жолдарын қардан, мұздан тазалау» жұмыстары бойынша 2017 жылдың 25 қаңтарында 25,4 мың теңгені құрайтын №6 келісім шарты, «Алакөл жолдары» ЖШС арасында «Автомобиль жолдарын қардан, мұздан тазалау» жұмыстары бойынша 2017 жылдың 17 наурызында 227,6 мың теңгені құрайтын №22 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

2018 жылы 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 389,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 389,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Смағұлов Қ.Т.» ШҚ арасында «Автомобиль жолдарын қардан, мұздан тазалау» жұмыстары бойынша 2018 жылдың 07 ақпанында 389,0 мың теңгені құрайтын №6 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

в) елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

2018 жылы 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 593,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 593,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Жетісу Энерготрейд» ЖШС арасында 2018 жылдың 15 қаңтардағы №213264 келісім-шарты 593,0 мың теңгеге жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес электр энергиясын жеткізу туралы алдын ала өтінім бойынша, есеп шот-фактурасы негізінде аталған қызмет жеткізіліп, аталған жұмыстар орындалған.

г) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру;

2018 жылы 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша 227,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 227,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген. Оның ішінде:



149 «Өзге де заттар сатып алу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Алтаева» ЖК арасында «Шаруа заттарын» сатып алуға 2018 жылдың 10 сәуірінде 127,0 мың теңгені құрайтын №23 келісім шарты жасалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Грищенко А.Н» ЖК арасында «Баннер жасау» қызметі бойынша 2018 жылдың 11 сәуірінде 100,0 мың теңгені құрайтын №30 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

д) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;

2018 жылға 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 139,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 139,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Жунусова Н.Б.» ЖК арасында «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге» 2018 жылдың 12 сәуірінде 139,0 мың теңгені құрайтын №29 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

е) Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру негізділігі.

005 «Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы 153 ерекшелік бойынша, «Тапсырыс беруші» мен Өнім беруші «Қайрат» ЖК арасында «Оқушыларды тасмалдау үшін» 2018 жылдың 30 қаңтарында сомасы 852,0 мың теңгені құрайтын № 8 келісім-шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Аудит барысында өзге сұрақтар туындамады.

III. Қорытынды бөлік

Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

Аудит бағдарламасында көрсетілген 10 сұрақтың нәтижесі бойынша аудит жүргізілді. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының заң бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке келтірген нұқсанның аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда пайыздық мөлшері аз екенін ескере отырып, қанағаттанарлық деңгейде деген пікір ұсынылады.

Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергілер болған жоқ.

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудит барысында қабылданған шаралар болмады.

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап, Ұсыным №1 қосымшасы (3-парақта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (4-парақта);
- 3) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы туралы апта сайынғы есеп №3 қосымша (1-парақта);
- 4) Аудитпен қамтылған активтердің орындалуы бойынша ақпарат аудиторлық есепке қосымша 1-ші кесте №4 қосымша (2-парақта);
- 5) Аудит объектісінің құрылтай құжаттары №5 қосымша (7-парақта);
- 6) Бақылау өлшемі №6 қосымшасы (2-парақта);
- 7) Бұйрық, куәлік көшірмелері №7 қосымшасында (4-парақта)
- 8) Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №8 қосымшасы (1-парақта);

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман – мемлекеттік аудитор



Қазақбеков F.З.

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-ші дана № 007619 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана № 007620 бланкте: «Алақол ауданының Теректі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.